

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасында Өтеусіз әскери көмек туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 20 тамыздағы N 876 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімнің жобасы мақұлданды.

2. Түрік Республикасындағы Қазақстан Республикасының Елшілігі жанындағы әскери атташе Марат Болатұлы Ашықбаевқа Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан келісімнің мәтініне қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, оған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы келісімді жасасуға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы Өтеусіз әскери көмек туралы Келісім

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі (бұдан ә р і - *Т а р а п т а р*) ,

бұрынғы уақыттан бері орын алып келе жатқан достық өзара қарым-қатынасты нығайтуға ниет білдіре отырып,

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы 1993 жылғы 23 ақпандағы әскери білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түрік Республикасының Үкіметі арасындағы 1994 жылғы 8 тамыздағы әскери ғылым, техника мен білім беру саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Түрік Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының Үкіметіне 1 050 000 000 000 (бір триллион елу миллиард) АҚШ долларына баламалы түрік лирі сомасында өтеусіз әскери көмек береді.

Өтеусіз әскери көмекті беру 2004 жылдан басталады.

2-бап

1 050 000 000 000 (бір триллион елу миллиард) АҚШ долларына баламалы түрік лирі сомасындағы өтеусіз әскери көмек Түрік Республикасының заңнамасына сәйкес қаржылық материалдық көмек және қызмет көрсетулер түрінде берілетін болады.

3-бап

1 050 000 000 000 (бір триллион елу миллиард) АҚШ долларына баламалы түрік лирі сомасындағы өтеусіз әскери көмек осы Келісімге сәйкес екі елдің құзыретті органдарымен жасалатын атқару хаттамаларына сәйкес іске асырылатын болады.

4-бап

Қазақстан тарапы Түрік тарапының алдын ала келісімін алмай Түрік тарапынан алынған материалдар мен қызметтерді немесе оларды пайдалану құқығын үшінші тарапқа бермеуге келісті.

5-бап

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім өз әрекетін осы Келісімнің 3-бабында көрсетілген Атқару хаттамаларына сәйкес ұсынылған қаржылық, материалдық көмек және қызметтерді Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне толық берген сәтінен бастап тоқтатады.

6-бап

Осы Келісім Тараптардың мынадай құзыретті органдарымен іске асырылатын болады:

қазақстан тарапынан - Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі;
түрік тарапынан - Түрік Республикасының Бас штабы.

Осы Келісімді іске асырған кезде туындайтын кез келген келіспеушіліктер келіссөздер және консультациялар жолымен шешілетін болады.

2004 жылғы "___" _____ қаласында әрқайсысы қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндерінің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде қайшылықтар туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Түрік Республикасының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК